

## **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 131 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6554 болып енгізілді.

Қаржы ұйымдары ұсынатын есеп беру нысанын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы ұйымдары ұсынатын есеп беру нысанын жетілдіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Мына қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) Агенттік Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар жөніндегі күн сайынғы және ай сайынғы есепті беру мерзімдері туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 388 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3413 тіркелген);

2) Агенттік Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банк шоттарындағы қалдықтары туралы есепті екінші деңгейдегі банктердің ұсыну нысаны мен мерзімін бекіту туралы" 2005 жылғы 28 мамырдағы № 162 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3722 тіркелген);

3) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы № 310 қаулысының 16, 18-тармақтары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3868 тіркелген);

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Стратегия және талдау департаменті (Н.Ә. Әбдірахманов):

1) Заң департаменті (Н.В. Сәрсенова) бірігіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне,

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) енгізілген өзгерістерді ескере отырып:

1) 2010 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде қолданыстағы есеп беру нысаны бойынша "Сақтандыруды қадағалау" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін;

2) 2010 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде "ЕДБ алынған есепті-статистикалық ақпаратты жинау және өңдеу" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін;

3) 2010 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде "Жинақтаушы зейнетақы қорлардың және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының есептілігін қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін;

4) 2010 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде "Банктік емес ұйымдары" модульін пысықтауды қамтамасыз етсін.

6. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2010 жылғы  
3 қыркүйектегі № 131 қаулысының  
1-қосымшасы

## **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы ұйымдары ұсынатын есеп беру нысанын жетілдіру бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесі**

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы ұйымдары ұсынатын есеп беру нысанын жетілдіру бойынша мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту

туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1921 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

9-1-тармақ алып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 ( қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның есеп беру ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 қарашадағы № 327 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 12 қаңтардағы № 3343 тіркелген, " Заң газеті" газетінде 2005 жылы 28 қазанда жарияланған № 199-200 (933-934) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Осы қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның есеп беру ережесінде:

4-1-тармақта "немесе оның орнындағы адам" деген сөздер "(ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-3-тармақта "немесе оның орнындағы адамы" деген сөздер "(ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-4-тармақпен толықтырылсын:

"4-4. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты, тіркеуші есептілікті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.

Тіркеуші ұсынған есептілікте толық емес және (немесе) шынайы емес ақпаратты анықтаған кезде уәкілетті орган ол жайында брокер мен дилерге хабарлайды. Тіркеуші уәкілетті орган хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған есептілікті ұсынады."

1, 2, 3, 4-қосымшаларында:

"Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға

уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға

уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Мөр орны" деген сөздер

"Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

---

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_

(лауазымы, фамилиясы және аты) (қолы) (телефон нөмері)

Есепке қол қойылған күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мөр орны". деген сөздермен толықтырылсын.

7. Ескерту. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Ескерту. 8-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Ескерту. 9-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 174 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2014 № 178 (01.07.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2013 № 147 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2014 № 178 (01.07.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**14. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 308 (01.03.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банк Басқармасының 08.05.2015 № 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 146 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. Ескерту. 19 тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 64 (қолданысқа 2013.01.01 бастап енгізіледі) Қаулысымен.

20. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 7 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2015 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банк Басқармасының 08.05.2015 № 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Ескерту. 23-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Ескерту. 24-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 146 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Агенттік Басқармасының "Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

Осы қаулымен бекітілген, Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Электрондық тасымалдағыштағы есептер құпиялылығын және ұсынылатын деректердің түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдаланумен ұсынылады."  
;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қағаз тасымалдағыштағы  $K_1$   $K_2$  коэффициенттері мәнінің есебіне және пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерге есепті күнге

жағдай бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырылады және уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушыда сақталады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмей есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.";

13 тармақты алып тастау;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін сауда-саттықты ұйымдастырушының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қамтамасыз етеді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты сауда-саттықты ұйымдастырушының есептілікті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы ұсынған есептілікте толық емес және (немесе) шынайы емес ақпаратты анықтаған кезде уәкілетті орган ол жайында ұйымға хабарлайды. Сауда-саттықты ұйымдастырушы уәкілетті орган хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған есептілікті ұсынады.";

1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларында:

"Бірінші басша немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға" деген сөздер "Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)" деген сөз деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
кейбір нормативтік құқықтық  
актілеріне қаржы ұйымдары  
ұсынатын есеп беру нысанын  
жетілдіру бойынша енгізілетін  
өзгерістер мен толықтырулар  
Тізбесіне 1-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банк Басқармасының 08.05.2015 № 75 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**